МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

# Мемлекет қандай жағдайда шетелде емделу ақысын төлейді?

Қазақстанда қолданылмайтын жоғары технологиялық емдеу тәсілдерін қажет ететін ауруларға шалдыққан пациенттер шетелге емделуге жіберілуі мүмкін

«Қазақстан Республикасы азаматтарын бюджет қаржысы есебінен шетелге емделуге жіберу тәртібін бекіту туралы» № 544 бұйрық негізінде реттеледі.

## Шетелдік клиникаларда емделуге жіберілетін пациенттер арасында:

- Балаларға
- Тіндер мен ағзаларды трансплантаттауды талап ететін ауруларға
- Жүкті әйелдерге
- Қызмет бабында ауыр жарақат алған және мертіккен әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне басымдық беріледі

Күтімге мұқтаж адамдар мен балалар шетел клиникаларына күтушісімен бірге жіберіледі.

Жолға кететін шығындар бюджет есебінен төленеді.

## Бюджет қаражаты есебінен шетелде емдеуге жіберілетін аурулар тізімі

1. Радиохирургиялық емдеу әдісін (гамма-пышақ, кибер-пышақ) қажет ететін мидағы қан тамырларының ақауы (артерия-вена мальформациялары) мен ісіктер.
2. Эндоваскулярлық емдеуді қажет ететін ми діңі тамырлары мен жұлын тамырларындағы ақаулар (артерия-вена мальформациялары) және артериялық аневризмдер.
3. Бас сүйектегі ісіктерді трансоралдық жолмен алып тастау
4. Трахея стеноздары
5. Кератопротездеу
6. Сүйек кемігін, өкпені, бауырды, бүйректі, жүректі трансплантациялауды талап ететін аурулар
7. Өңеш стеноздары
8. Радиохирургиялық емді (гамма-пышақ, кибер-пышақ, радиоаквтивті аппликаторлар) қажет ететін көздің қатерлі ісігі.

## Шетелде емделуге жолдама алу үшін мынадай құжаттар талап етіледі:

- пациенттің жеке куәлігінің көшірмесі
- Денсаулық сақтау басқармасының пациентті шетелде емделуге жіберу туралы қолдаухаты
- пациентке жасалған барлық зерттеулер мен консультациялар қорытындысы жазылған сырқатнамадан үзінді (медицина ұйымы тарапынан дайындалады)
- пациентті шетелде емдеуге жіберу туралы медициналық қорытынды

Шешімді Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы арнайы комиссия қабылдайды. Оның құрамына министрлік, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері және дәрігерлер кіреді.

Азаматтар шетелге өз бетінше барып емделген жағдайда шығын мемлекеттік бюджет есебінен өтелмейді

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

www.fms.kz